9. *Кирабаев С.С.* Избранное в 2-х т. Алматы, 1991.
10. *Айтматов Ч.* Плаха // Новый мир. 1986. №8.
11. *Жаксылыков А.* Сны окаянных. Трилогия. Алматы, 2005.
12. *Исмакова А.С.* Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. Алматы: ?ылым, 1998.
13. *Дорошевич А.* Миф в литературе XX века // Вопросы литературы. М., 1970. №2.
14. *Кодар А.* Мировоззрение кочевников в свете Степного Знания // В сборнике «Культурные контексты Казахстана: история и современность. Алматы, 1998. С. 57.
15. *Сейсенбаев Р.* Мертвые бродят в песках // Аманат. 2002-2003.
16. *Омарова Ш.С.* Своеобразие творчества Р. Сейсенбаева. Шымкент, 2002.
17. *Адибаев Х.* Созвездия близнецов (сокровенное и таинственное). Алматы, 2004.
18. Цит. по кн.: Художественные ориентиры зарубежной литературы XX века. М.: ИМЛИ РАН, 2002.
19. *Элиот Т.С.* «Улисс», порядок и миф // Иностранная литература. 1988. №12. С. 228.
20. *Бельгер Г.* Хаос, устремленный к Гармонии // Литературная газета Казахстана. №2. 17 апреля 2007. С. 5.
21. *Самойленко И.И.* Проблема мифа в современной драматургии США (после 1945 г.): Автореф. дис. … канд. филол. наук. М., 1983.

Резюме

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа тенденциялар қа-растырылады. Шартты-метафоралық прозаның образдылық және мотивтік жүйесі, хронотоп, символика мен басқа түрлерінің мәселелері қазақ прозасындағы дәстүрлі мифологиялық әдісі тұрғысынан зерттеледі. Мифтік поэтика дәстүр мен жаңашылдықтың қатысымы контексінде қарастырылады. Романның мифологиялық және фантастикалық қырларын қарастырған Р. Сейсенбаевтың, А. Жақсылықовтың, Х. Әдібаевтің, Д. Нақыповтың көркем әдістері бөліп көрсетіледі. Аталған жазушылардың жеке мифтік шығармашылық табиғатына жасалған талдау үлкен мәнге ие бола отырып, «авторлық мифологизм» ұғымы енгізіледі. Мифтік поэтика жеке авторлық әдістің, қазіргі әдебиеттің жанры мен стилінің қалыптасуына игі әсер етеді.

Summary

In the article new tendencies of the modern Kazakh prose are considered. The peculiarities of the mythopoeia of modern Kazakh novel are considered. The problems of the imaging and motive systems, chronotop, symbolic and other forms of conditionally-metaphorical prose are investigated. The questions of the mythopoeia are studied at the context of correlation of the tradition and innovation. The author methods of R. Seisen-bayev, A. Zhaksylykov, Kh. Adibaeyv, D. Nakipov are dis-tinguished. The peculiarities of complicated mythopoeia connect with forming of author style, genre of modern literature, etc.

Поступила 2.06.07г.

Г. Т. ӘЛПЕЙІСОВА

ҚАЗАҚ МУЗЫКАЛЫҚ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОСОЛЬФЕДЖИОНІҢ КЕЙБІР ҚАҒИДАЛАРЫ

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының басына таман қазақтың төл музыка мәдениетінің соңғы шоқтарының сөнуі тарихи болмыстың ақиқатына айналды. Сандаған ғасырлар бойы қалыптасқан ауызекі таралу ортасының тозып мүжілуі оның шығармашылық дамуын тоқтатып, қазақтың музыка тілінің тынысын тарылтты және, әсіресе, қала тұрғындардың арасында осы өнердің жолын қуып, отын тұтатушылардың санының күрт кеміп кетуіне әкеп соқтырды.

XX–XXI ғғ. тоғысында Қазақстан мәдение-тінің алдында мемлекеттік деңгейде шешілуін талап ететін қазақтың музыка тілін сақтап қалу және әрі қарай жалғастыру мәселесі мейлінше өткір қойылып отыр. Кәсіби музыка оқу орындарында есту-сезінуді қазақ музыка материалының негізінде діттеп қалыптастыру және дамыту жүйелерін құру қажет, мұның өзі, әр елдердің педагогика тәжірибесінде этносольфеджио айдары тағылған, айқын ұлттық сипаттағы сольфеджио курсын жасауды аса маңызды мәселелердің деңгейіне көтереді.

Еуропалық музыка білімінің классикалық пәні ретіндегі сольфеджионың басты мақсаты – еуропа музыка тілін, оның қисындық-құрылымдық заңдылықтар жүйесін негізге ала отырып, іс жүзінде меңгеру. Қазақстандағы этносольфеджионың басты мақсаты – қазақтың музыка тілін, оның қисындық-құрылымдық заңдылықтарын негізге ала отырып, іс жүзінде меңгеру. Этносольфеджио – музыкалық білімдер мен машықтар жиынтығын қалыптастыратын пән, осылар арқылы ғана қазақтың музыка тілі фольклорда, көркемөнерпаздар мен кәсіпқой өнер қайраткерлерінің шығармашылығында паш етіледі. Болашақ музыканттардың оқу-есту қабілеттерін қазақтың музыка тілінің негізінде ұйымдастыру қазақ музыка шығармаларын ұғынып тыңдауға баулуға,

бойына сіңірген есту сезімдерін нақты орындаушылық және композиторлық қызметінде қолдануға үйретуге мүмкіндік береді.

Әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі бар, сол сияқты қандай да халықтың музыкалық тілінде өзіне тән ерекшелігі болады.

Кәсиби музыкалық білім беретін оқу орындарында қазіргі қазақ этносольфеджиосы – музыкалық білім, біліктілік, дағдыны бүтіндей қалыптастырып, осының негізінде қазақ музыкалық тілі фольклорде, көркем өнерде және кәсіби шығармада қызмет атқаруы керек. Қазақ музыкалық тілінің негізінде оқушылардың оқу тыңдау жұмыстарын реттеу – қазақ музыка шығармаларын мақсатты бағытта тыңдау қабілетін қалыптастыруға қызмет етеді.

Этносольфеджионың мақсаты – қазақ музыкалық тілін практикалық меңгерумен, оның логикалық-құрылымдық заңдылық жүйесін түсінудің тірегі болады.

Осы бағдарламада ладтық әдісі, қазақ үн ырғағының ұсақ тұжырым (мелоформул) үлгі негізінде қазақтың өлеңдік құрылымының ерекшелігіне байланысты әдістер; қазақ тілінде түсінушілік әдістері; қазақ күйлерін тыңдап меңгеру әдістемелері ұсынылып отыр. Әдіснамалық негізі қазақ музыка тілін меңгеру, дәстүрлік музыканың тұтастығын, көркем өнер мен композиторлардың кәсіби шығармашылығын меңгерту болып табылады.

Лад, ырғақ, композиция, жанр, стиль жөнінде қазақтың музыкалық мәдениеті мәселелерін, отандық музыканттардың, қазақстандық әдіскерлердің жетістіктерін зерттеу негіз болды.

Заңдылығын, ұлттық музыкалық тілдің әрбір элементінде ұлттық сипатта қалыптастырып басқару, музыкалық ойлаудың ұлттық ерекшелігін көрсету көзделген.

Грамматикалық деңгейде қазақ музыкасы тілінің еуропалықтан айырмашылығына көңіл аударсақ:

1. Еуропа музыкасы көп дауысты құрылымнан (көпдауыстылық, көпдауыстылық музыка үндестігі немесе аралас дауыс), ал қазақта бір-дауыстылық немесе көпдауыстылық монодикалық түр құрылымында болып келеді.

2. Еуропаның классикалық ладтық жүйесі – орталықтандырылған мажор (қатаң) немесе минор (ұяң) бірекпінділік құрылым негізінде; қазақ музыкасында – табиғи ладтық октавалық емес, табиғи нақты дауыстық негізіндегі жеке құрылымы.

3. Қазақ мәдениетінің ырғағы ырғақ өлшемі (метроритм) жағынан Еуропадан бай, сонымен қатар құрылысы күрделі және сан жағынан жоғары.

Этносольфеджиода музыкалық-дыбыстық жүйесін меңгертуде қазақтың музыкалық тілі жанрлық ерекшелігіне тікелей байланысты, сондықтан музыкалық білім беретін мектептерге тиісті көлемін қысқаша жазайық.

Тұрмыс-салттық жанрдағы қазақ өлең фольклорынан: өлең және ойын, қара өлең, хат-өлең, шығарма-өлең, өсиеттік өлеңдер: «Бесік жыры», «Әлди-әлди», «Әлди бөпем», «Бала уату», «Тұсау кесу», «Сыңсу», «Көрісу», «Қоштасу», «Аужар», «Арыз өлең», «Танысу», «Үкілім-ай»; «Жоқтау», «Жылау», «Жар-жар», «Беташар» т.б. Сонымен қатар қазақ өлең мәдениетінің лирикалық және эпикалық жанры.

Қазақ әдебиетіндегі кәсіпке байланысты әртүрлі жанрлық өлеңдер жанр сипаттамасы, «Тұрмыстық музыканың қоғамдық тәжірибесі» болашақта көрінісін табады. Сонымен жанр – жеткілікті, тұрақты категория. Мәдениет дамытушыларға мұның мазмұны мен формасы жақсы белгілі және оларға түсінікті.

Танымдық және мазмұндық байлығы жағынан жанрлық бейне мен нышанын ғылымилық және тәжірибелік мақсатта (шығармашылықта, мысалдарда) пайдаланатын категория.

Қазақтың ауызша тараған кәсіби әндерінің музыкалық тілінің анық, айқын міндетін шешуде С. Еламанова білімдік қажеттілігіне «фундаментальных для данной музыкальной культуры закономерностей творчества и восприятия, тех конкретных культурных реалий и *знаков исторической и генетической памяти*...»? – деп тоқталған [1]. Сөйтіп, белгілеріне – музыкалық жүйенің элементі, қазақтың дәстүрлік мәдениетіне пәндік жанрлық нышаны болып табылады. Мысалы, жанрлық белгілерінің сапасына зерттеушілер музыкалық дыбыстардың өзара дауыс ырғағының байланысу даму категориясын: қыздардың қоштасу «тұрмыстық өлең айту» өлеңдері, «дыбыстық қатар сақтап жылау» жоқтау, «Жар-жарға» тиісті «субкварталы терциямен» және т.б. айту жатады.

Фольклорлық жанрдың бейнесі – стильдік жүйесі қалыптасуда, кәсіби өлең өнері бұл процесте үлкен рөл атқарады. Алғашқы өлең айтудың соңғы көрінісі – дауыстың ұзақ жоғары айтылуы. Бұл тәсіл Арқа халықтарында сипат алған дәстүрлерде кездеседі. Сөйтіп, «ақындық әуен түрі» деп атал-

ған (*АӘТ – С. Еламанованың термині*).

АӘТ немесе ақындық әуен түрі – кәсіби өлеңдерден лирикалық өлең айтудың ұлттық көріністерінің бірі. Әуенді-ырғақты қазақ дәстүріндегі жырларға – жеті жолдық жыр, он бір жолдық қара өлеңдерді жатқызуға болады. Бұл жырлар әсіресе эпикалық лирикаларда кездеседі.

Қара өлең – дауыс ырғағының айтылуына қарай жанрлық тұрғыдан – жыр. Ерте замандағы фольклорлық дәстүрдің бір түрі жоқтау мен жылау (қалыңдықты ұзатқан кездегі жылау, қаралы болғанда жыр айтып жылау, еркектердің жастық шағымен қоштасу жыры. Мысалы, «Жиырма бес»).

Музыка тілі қазақтың музыкалық аспаптық музыкасын жанрлық үлгіде аспапта ойнағанда шешуші принципке ие болады.

Қазақ музыка тілінің бастапқы заңдылығы ретінде аспаптық музыка тілінің ең басты өзіне тән қасиеті – композициялық принциптері.

Логикалық, құрылымдық жағынан Батыс Қазақстанның «төкпе» күйінің композициялық жүйесінде айырмашылық бар. Әрбір белгі элементі нақ белгіленіп алынады. Мұндай жағдайлар «төкпе», «шертпе» күйлеріне де тән. Күйлерді орындау мен авторлық стиль ерекшеліктері болады. «Сүйретпе қағыс» күйінде Абылдың өзіндік стилі бар. Әртүрлі жанрдың өзіндік ерекшелігі болады. «Теріс қақпай» күйін төменнен бастап, жоғарыдан қатты шертіп ойнайды. «Ілме қағыс» күйін сұқ саусақпен төмен қағып, бас бармақ, сұқ саусақпен жоғары шертіп ойнайды. Мұндай шерту, әсіресе, Маңғыстау дәстүрінде кездеседі.

Күйлерді талдауға дағдыландыру, белгілі болатындай, негізгі аспап сыныбында және ішінара қазақ музыкасының тарихын өткенде басталады. Бірақ мұның бәрі күйлердің аналитикалық талдауын жүргізіп дағдылануға және үйренуге, сондай-ақ, жинақтаған теориялық білімдерін сол арқылы толық көрсетуге жеткіліксіз. Қазіргі кездегі оқу процесі студенттердің назарларын күйдің барлық бөліктері мен компоненттеріне аударуға, оның музыкалық өрнегін тұтастай қабылдауға және оның бойындағы көркемдік, бейнелілік нақыштарын барынша сезінуге ұмтылдыруы қажет.

Қазақ күйлеріне тән ерекшелік – олардың жалғыз бейнеге немесе адамның ішкі күйінің қас-қағым сәтіне құрылуы. Яғни қазақ музыкасына еуропа музыкасындағыдай қарама-қайшылықтың, шиеленістің дамуы өзек болмайды. А. Мұ-хамбетованың «Казахский кюй как синкретический жанр» [2] деп аталатын зерттеуінде аспаптық өнер мен фольклордың мызғымас байланысуының нәтижесінде мазмұндық жағынан да, құрылымдық тұрғыдан да ажырамастай тұтасқан сөз өнері мен саз өнерінің бірігуі арқылы дүниеге келетін синкретикалық жанрдың бар екендігі көрсетіледі. Біздің пайымдаумызша, күйдің бастауларынан сусындап, оның мифологиялық, эпикалық, тарихи құраушыларын саралау – студенттердің ішкі әлемдерін байыта түседі.

Қобызда музыка ойнау ертеректе қазақтардың діни ұғымын көрсеткен. Қобызда ойналатын күйлерде бақсының сарыны кездескен. Қазіргі зерттеушілер қазақтардың ерте кездегі ойлау қабілетін зерттей келіп мынандай қорытындыға келді: Бұл қазақтың жазу, сызуды білмеген ерте кездегі мәдениетінің белгісімен байланысты. Ауызша кәсіби жырлардың музыкасы – халықтық шығарма. Қазақ музыканттардың музыкалық-тыңдау қызметтері бірде орындаушы болса, кейде орындау авторы да болады. Бұл Еуропа мәдениетінен айырмашылығы болып саналады (композитор-орындаушы-тыңдаушы).

Мұндай айырмашылықтар екі елдің, әсіресе музыка мәдениетінің музыкалық білім беру саласында кездеседі. Музыкаға тәрбиелеу дәстүрі екі елдің де бір мақсатын шешеді.

Музыканы есту мен оқыту, оны тыңдау күнделікті ұйымдастырылатын жұмыстар. Музыкалық естуге тәрбиелеу күнделікті жаттығуды талап етеді. Б. Тепловтың айтуынша, ішкі тыңдауды дамытуды ән айту моторикасымен байланыстыру қажет [3].

Қазақ музыкасы мәдениетінде ауызша айту дәстүріне үйрету өте күрделі. Күйді үйрету, оны орындау техникасын меңгерту, оқыту, сонымен қатар шығармашылық тәжірибе осының барлығы «мәдениетті қабылдау» және оны дамыту жұмыстары. С. Өтеғалиеваның пайымдауынша, халық музыканттары күйді тартып отырып, оны терең түсініп орындайтындығы айтылады [4]. Қазақстандық зерттеушілердің айтуынша, үлкен роль атқарады. Әр музыкалық қызмет тәжірибенің жинақталған өзіне негізгі жүктеме мен қызмет ететін көрініс. Ішкі есту көрінісі – бұрын естігенін, қабылдағанын нақты еске түсіру болып табылады. Қазақ музыкасын мақсатты бағытта оқыту – қазақ музыка тілін меңгертуде маңызды болумен қатар, жалпы қазақ музыкасы білімі үшін де қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. *Елеманова С.* Казахское традиционное песенное ис-

кусство. Генезис и семантика. Алматы, 2000. С. 9.

2. *Мухамбетова А.* Казахский кюй как синкретический жанр (типы программности). Алматы, 1991. 40 с.

3. *Теплов Б.* Психология музыкальных способностей. М.; Л., 1947. 335 с.

4. *Утегалиева С.* Особенности слуха исполнителей устной традиции // Инструментальная музыка казахского народа. Алматы, 1985. С. 129-151.

Резюме

В настоящей статье раскрывается понятие этносольфеджио и его некоторые принципы как дисциплины, формирующей совокупность музыкальных знаний, умений, навыков, на основе которых функционирует национальный музыкальный язык в фольклоре, самодеятельном и профессиональном творчестве. Целью этносольфеджио в Казахстане определяется практическое освоение казахского музыкального языка в опоре на осознание системы его логикоструктурных закономерностей.

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ *28.08.07ж. түскен*

Г. М. ДУЙСЕН

АЛМАТИНСКАЯ АГЛОМЕРАЦИЯ В СИСТЕМЕ ТУРИЗМА И РЕКРЕАЦИИ КАЗАХСТАНА

Развитие туристско-рекреационной сферы играет немаловажную роль для устойчивого экономического роста страны и способствует улучшению благосостояния населения. В связи с достижением пределов рекреационной емкости традиционных районов мирового туристского рынка и необходимостью обновления и расширения списка посещаемых территорий у Казахстана возникает реальная возможность занять свою нишу в системе международного туризма.

Город Алматы и Алматинская агломерация, с точки зрения туристско-рекреационного освоения, представляют собой один из наиболее перспективных и динамично развивающихся регионов Казахстана, что обусловлено следующими основными факторами:

- более 20% всех туристско-рекреационных ресурсов Казахстана сосредоточены на территории Алматинской области;
- наличие Алматинской агломерации и ближайших регионов с высоким рекреационным потенциалом;
- благоприятные природно-климатические условия;
- богатство и разнообразие животного и растительного мира;
- значительное количество памятников историко-культурного наследия;
- региональный финансовый центр Центральной Азии;
- наличие памятников истории и культуры г. Алматы, насчитывающих в настоящее время 179 памятников истории и культуры, в том числе 30 памятников республиканского значения: 99 – истории и архитектуры, 52 – монументального искусства, 28 – археологии;
- наличие 37 музеев, 13 театров, 17 кинотеатров, 21 концертной организации, являющихся одним из важных туристских ресурсов;
- наличие в регионе крупного международного аэропорта;
- хорошо развитая транспортно-коммуникационная сеть;
- развитая сеть объектов рекреации, включая санатории, пансионаты и дома отдыха (21 санаторий, 4 пансионата и дома отдыха);
- наличие современных спортивных сооружений, позволяющих проводить спортивные соревнования различного уровня;